

2. Қарсыбаева Р.Қ. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1. 2009.
3. Мирсентова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды 2011 ж.
4. Мұхамбетжанова С.Т. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту».

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Тулегенова А.Ж., т.ғ.м., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстанның бүгінгі халықаралық жағдайына, оның дүниежүзілік қауымдастықтағы белгілі мемлекеттердің қатарына қосылуы мен әлемнің көптеген елдерімен терезесі тең саясат ұстанып, түрлі салада байланыстар жасауына, қазіргі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына байланысты жастарды, мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиелеп, олардың болашақта кәсіптік мамандықты дұрыс тандап, жеке тұлға әрі кәсіби маман ретінде қалыптасуында Отан тарихын оқытудың маңызы зор. Сонымен қатар Отан тарихын оқыту қоғамымыздың ілгері дамып, келешегін болжау үшін, жас ұрпақты азаматтық пен елжандылыққа, өз халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде де аса маңызды екендігі белгілі. Осы орайда Қазақстан тарихын алдымен мектепте, сондай-ақ арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқытуды ғылыми-әдістемелік жағынан мүлде жаңа деңгейге көтеру қажеттігі туындап отыр.

Тарихты оқытудың мақсаттары мемлекет дамуының әртүрлі кезеңдерінде өзгеріп отырды. Кеңестік кезеңге дейінгі мектептерде тарихты оқытуда көптеген объективтік жетістіктер болғанымен, пәннің мазмұнында коммунистік, таптық сипат орын алды. Қазақстандағы мектептердің өзінде Қазақстан тарихына қатысты мәселелер оқытылмады.

1917 жылғы Қазан революциясына дейін Қазақстандағы оқу орындарында Қазақстан тарихы деген пән немесе оған қатысты тарихи материал оқытылды деген дерек әзірге дейін кездеспеген. Бірқатар ғылыми еңбектерде Қазақстанда мұсылман мектептері мен медреселер VII-VIII ғасырларда-ақ өмір сүргені айтылады. Оларда діни пәндермен қатар тарих, логика, риторика, жағрафия, философия да оқытылған [1, 13 б.]. Испиджаб, Тараз, Сайрам, Отырар, Түркістан, т.б. қалаларда ірі медреселер болған. Бұл оқу орындарында құдай жолын үйрететін пәндерден басқа заң, әдебиет және жоғарыда аталған пәндер оқытылған.

Медреселердегі оқыту, тәрбие жұмыстары мен оқытудың әдістемелік негізін алғаш жасаған ұлы ғалымдар Әбу Насыр әл-Фараби, Ибн-Сина, әл-Беруни, әл-Хорезми, Кинди, Руми, Омар Хайям және Ұлықбектің дәрістемелік оқулықтары, педагогикалық трактаттары мен ғылыми еңбектері негізге алынды. Орта ғасырлар дәуірінің қазіргі Орта Азия мен Қазақстан территориясындағы ғылым мен білімнің орталықтары – Хорезм, Бұхар, Самарқан, Отырар қалаларының маңызы зор болды.

Ал, XV-XVI ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстандағы кейбір медреселердің оқу жоспарына діни, ғылыми пәндермен қатар тарих пәні де енгізілген. Оңтүстік Қазақстанның Отырар, Сайрам, Түркістан т.б. медреселері Бұхар, Самарқан медреселерінің оқу жоспарларын пайдаланған. Олардағы тарихи білім мазмұны сол дәуірлерге дейінгі Орта Азия мен Қазақстандағы түркі тілді тайпалар мен мемлекеттер тарихын баяндауға арналған.

Бұл медреселердің оқу жоспарына тарихтың дербес пән болып енгізілуі Ұлықбектің есімімен байланысты. Кейбір ғылыми деректерге қарағанда оның бастауымен XV ғасырда-ақ тарих медреселер оқу жоспарына дербес пән болып енгізіліп, алғашқы уақытта оның сабақтарында Әлем тарихы, Орта Азия тарихы, Ислам тарихы таныстырылған. Тарих оқу жоспарына енгеннен кейін алғашқы тарих оқулығын Ұлықбектің өзі жазған және ол өмір шындығын сол қалпында көрсетуді талап еткен [2, 12 б.].

Діни мектептер мен медреселердің Қазақстан жеріне жаппай таралуы – XVIII ғасыр. Бірақ, бұл медреселерде тарих пәні қалай оқытылды, оның мазмұны қандай, бұл туралы нақты жауап беретіндей дерек ғалым-зерттеушілерге кездеспеген.

XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ балалары үшін ашыла бастаған орыс тілінде оқытатын мектептерде тарих, «Орыстың қысқаша тарихы», дүние жүзі тарихы оқытылған. Кейінірек ашылған жаңа әдісті қазақ мектептерінде де тарих пәні оқылған. Бірақ, Мамановтар мен Тұрысбековтардың мектебіндегі 13 пәннің үшеуі: татарлар тарихы, пайғамбарлар тарихы және ислам тарихы болған [3,

89 б.]. Жалпы Қазан революциясы қарсаңында Қазақстанда 84 медресе жұмыс істеген, оларда бес мыңдай шәкірт оқыған [2, 14 б.] деген мәлімет бар.

Қазан революциясына дейін оқу орындарында қазақ тарихын оқыту мәселесін тұңғыш көтерген де, оны жүзеге асыруға талап жасаған да Ыбырай Алтынсарин. Ы. Алтынсариннен кейін қазақ тарихын оқыту мәселесін ешкім көтермеген. Қазан революциясынан кейін жеке ғалымдар осы туралы ұсыныс жасағанмен, олар аяқсыз қалған. Тек 60-шы жылдардың басынан, яғни Қазақ ССР тарихы материалдарының мектепте оқытылуына байланысты оның әдістемелік проблемалары зерттеліп, еңбектер жариялана бастады.

Тарихи деректерінің молдығы жөнінен Шоқан Уәлиханов еңбектерінің орны ерекше. Оның зерттеулерінде Қазақстан мен Орта Азияның, оның халықтарының тарихына, әсіресе Қазақстанның Ресейге қосылуы, Шығыс Түркістан және де олардағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмір мәселелеріне көп орын берілген. Оның тарих ғылымының маңызы, зерттеу әдістері туралы айтқандарының Қазақстан тарихын зерттеушілері үшін маңызы зор.

Абай Құнанбаев қазақ, әрі дүние жүзі халықтарының тарихынан хабардар болған. Ертедегі грек ғалымдары Сократ, Аристотель, Шығыс ғалымдары Фзули, Шәмси, Навои, Фирдоуси т.б. шығармаларын жақсы білген.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін мектептерде тарих пәнін оқытуда марксизм идеялары басшылыққа алынып, мектептің таптық, партиялық болуы басты идеологиялық ұстаным ретінде қаралды. Тарих пәнінен жаңа оқулықтар болмағандықтан, салыстырмалы түрде бұған дейін тәуірлеу делініп келген Виппер, Коваленский оқулықтары қайта басылды. Оларды пайдаланғанда Н.К. Крупскаяның, А.В. Луначарскийдің, М.Н. Покровскийдің тарихты коммунистік рухта оқыту жөніндегі айтқан, жазған нұсқаулары басшылыққа алынды.

1921 жылдан бастап тарих пәні мектептің оқу жоспарынан дербес пән ретінде шығарылып, оның материалдары «Қоғам тану» пәнінің құрамына ендірілді. Оның бағдарламасы мен оқулықтарында азаматтық тарихқа, тарихи қайраткерлерге, тарихи оқиғаларға орын мүлде аз берілді. Мұның өзі оқушылардың тарихтан жүйелі, тиянақты білім алуына, оларда тарихи сананың ойдағыдай қалыптасуына кедергі келтірді.

1930 жылдардың басында мектептегі тарих пәнінің орны, маңызы, оның бағдарламалары мен оқулықтарын жасау, оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелері төңірегінде үлкен ғылыми пікірталасы болады. Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі мектепке қатысты бірқатар қаулылар қабылдайды. БК(б)П Орталық Комитетінің 1932 жылғы 5 тамыздағы «Бастауыш және орта мектептегі оқу программалары және жұмыс тәртібі туралы» қаулысында мектеп бағдарламалары мен оқулықтарында КСРО халықтарының тарихына қатысты материалдардың болуын атап көрсетсе, КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1934 жылғы 15 мамырдағы «КСРО мектептерінде азаматтық тарихты оқыту туралы» қаулысында осы пәнді мектепте оқытудың құрылымы мен ұстанымдарын анықтап берді. Алайда мектепте тарих пәнін оқытуда ілгерілеушілік болғанымен, 40-шы жылдардың аяқ кезіне дейін оқытуда негізгі тарихи ұғымдарды ашып көрсетуге, оларды шәкірттер санасына берік қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлінбеді.

Осыларды ескере келе, 50-ші жылдары тарих пәні бағдарламаларын жетілдіруге, бұрыннан пайдаланылып келген бірқатар оқулықтарды жақсартуға, жаңадан оқулықтар шығаруға, оларда негізгі тарихи ұғымдарды ашып көрсетуге, сондай-ақ оқулықтардағы өте қиын немесе маңызы аз деген материалдарды қысқартуға баса назар аударылды. 50-ші жылдардың орта кезінде VI-VII сыныптардың орта ғасырлар тарихы, VIII-IX сыныптардың жаңа тарихы, X сыныптың КСРО тарихы оқулықтары өңделіп, жетілдірілді, ал V-VI сыныптардың ежелгі дүние тарихы, IV, VIII сыныптардың КСРО тарихы оқулықтары жаңадан басылып шықты. Бұлар қазақ тіліне аударылып, оқушылардың тарихи білімін жақсартуға үлес қосты. Мұның өзі оқыту әдістемесінің жетіле түсуіне ықпал етті.

Осы сияқты жетістіктермен қатар тарих пәнін оқытуда әлі де біраз кемшіліктер болды. Олар: орталау мектепті бітіретін оқушылар өз Отаны тарихынан тек элементарлық қана білім алды, ал шет елдердің жаңа және қазіргі заман тарихынан мүлде хабары болмады. Басты кемшілік: оқушылар орта мектепті бітіргенде өз өлкесінің, өз халқының, туып өскен республикасының тарихын білмей шығатындығы еді. Бұл мәселеге алғаш мән бергендердің бірі белгілі тарихшы, орыстың атакты ғалымы А.М. Панкратова болатын. Кеңес елі мектептерінде ұлт республикалар тарихын оқыту қажеттігін тұңғыш айтқан да осы ғалым болды [4, 23 б.].

Тарихи білімнің өз халқының, елінің тарихынан басталатынына қарамастан Қазақстан тарихы өз мектептерінде көп уақыт оқытылмай келді. КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1959 жылғы 8 қазандағы «Мектептерде тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер туралы» қаулысына сай бұған дейін мектептерінде өз тарихы оқытылмаған одақтас республикалар, соның бірі

Қазақстанда 1958-1959 оқу жылынан бастап Қазақ ССР тарихы оқытыла бастады. Оның өзінде арнайы сағат бөлінбей КСРО тарихына бөлінген уақыт есебінен, соның құрамында оқытылды [2, 3 б.], сол себепті де оны оқытуда көптеген қайшылықтар орын алды. Атап айтсақ, білім мазмұны мен Коммунистік партияның, Кеңес үкіметінің оны оқытуға қойған талаптары; оқу бағдарламалары мен оқулықтар; білім мазмұнының көлемі, оның күрделілік деңгейі мен оқушылардың мүмкіндігі, жас ерекшелігі; оқыту әдістемесі талаптары мен курстың оқытылу жағдайы; пәннің оқу-материалдық базасына қойылатын талаптар мен оның іс жүзіндегі мүмкіндіктері арасындағы және басқа да қайшылықтар.

Алайда 60-шы жылдардан бері ғана оқытыла бастаған Қазақстан тарихы материалдарының көлемі мен мазмұны заман талабын толық қанағаттандыра алмағанына қарамастан, оның оқу жоспарына ендірілуінің өзі білімдік-тәрбиелік жөнінен маңызды құбылыс еді. Қазақ ССР тарихы материалдарының аздап болса да оқытылуы және жинақталған тәжірибе осы курстың кейін дербес Қазақстан тарихы пәнінің және оның оқыту әдістемесінің қалыптасуына негіз болды.

Негізінен кеңестік дәуірдегі республика мектептерінде Қазақстан тарихы пәні факультативтік деңгейде ғана оқытылды. Белгілі тарихшы Е.Бекмаханов жазған оқулық отыз жылдай қолданымда жүрді. Оның көлемі де 6-7 баспа табақтан аспай, отандық тарихты тым үстірт баяндады. Бұл сол кезеңдегі замана тәртібіне сай болды.

Соңғы отыз жылда мектепте Қазақстан тарихын оқытудың жеке мәселелері ғана зерттелді. Солардың нәтижесінде көрнекі құралдарды дайындау және пайдалану (И. Қадірбеков), мәдениет тарихын оқыту әдістемесі (К. Каменир), тарихи-көркем әдебиетті пайдалану (К. Аманжолова), тарихи ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі (Е. Жевако), оқулықтардың ғылыми-әдістемелік негіздері (М. Зарифова), 5 сынып оқушыларында халықтар достығы жайлы білімдерді қалыптастыру әдістемесі туралы (Б. Әбдіғұлова) еңбектер жарық көрді. Оның аса маңызды проблемаларын, яғни білім мазмұнын анықтауға, оқыту әдістемесін тұтас қамтитын немесе оны жетілдіріп, қалыптастыруға бағытталған зерттеулер жүргізілген жоқ. Қазақ қоғамы, Қазақстан тарихының мектепте қашаннан бастап, қандай ретпен оқытылғанын, курстың қалыптасып даму үрдісін, оның барысында орын алған проблемалар мен тенденцияларды анықтап, талдап саралайтын да еңбектер жарияланған емес.

Кеңес мемлекетіндегі одақтас ұлттық республикалар мектептерінде өз республикалары тарихын оқытудың жеке проблемалары да ғылыми әдістемелік тұрғыдан зерттелді. Көптеген ғылыми зерттеулерде, атап айтсақ ұлт республикаларындағы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне қорғалған диссертацияларда (М.Алтаев, Г.Асланов, А.Артыков, Т.Муратгельдыев, Н.Ремеев, И.Шерстюк т.б.) курстың құрылымы мен мазмұны, КСРО тарихымен байланыстыра оқытудың әдістемелік жолдары, патриоттық және интернационалдық тәрбие беру, оқыту әдістемесі мәселелері, сыныптан және мектептен тыс жұмыстар сияқты жеке проблемалары қарастырылып, олардың КСРО мектептерінде ұлт республикаларының тарихын оқыту әдістемесін жетілдіре түсуге пайдасы тиді. Бірақ бұл зерттеулердің бәрі де 1980 жылдарға дейін жүргізілді, ал одан бері тарихтың бұл курстарын оқытуда түбірлі өзгерістер, жаңалықтар болғаны белгілі.

Қазақстан тарихын қалай, оқытудың қандай формаларымен, әдістерімен оқыту керек деген мәселені зерттеуде 80-ші жылдардың екінші жартысына дейін негізінен Батыстың, Ресейдің, Кеңес елінің белгілі педагогтары мен дидакт ғалымдарының оқыту, тәрбиелеу, дамыту жөніндегі идеялары басшылыққа алынды. Ал, 80-ші жылдардың екінші жартысынан бастап, Шығыстың, Орта Азия мен Қазақстанның ойшылдары мен ғалымдарының білім, тәрбие беру саласындағы пікірлерін басшылыққа алуға айрықша назар аударылды. Олар: түсініп оқудың, көрнекіліктің, қайталаудың, жалпы ғылымды, білімді меңгерудің маңызы және де ақылды, парасатты адам туралы (Әбу Насыр әл-Фараби); оқу материалын түсіндіру, ұқтыру, әңгімелесе түсіндіру, білімді бекіту, оны өмірде қолдана білуге үйрету, білімнің жүйелілігі, шамаға лайықтылығы туралы (Ы. Алтынсарин); оқу, білім, өнердің маңызы, оларды меңгеру жолдары (А. Құнанбаев); білімді меңгеріп, көңілге қондыру үшін ақыл-ой тәрбиесінің мына жеті шартын орындау керек: мейірім, әділет, шыдам, шыншылдық, қаракет, ақниет (Ш. Құдайбердиев). А. Байтұрсыновтың оқу-әдістемелік еңбектерінде оқытудың ұйымдастыру формалары, ұстанымдары, білім мазмұны, оны іріктеу-сұрыптау жолдары, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері туралы баяндалса, М. Жұмабаевтың еңбектерінде, әсіресе «Педагогикасында» оқыту мен тәрбиелеудің, баланың психикалық ерекшеліктерінің бірқатар негізгі мәселелері қарастырылды.

1990 жылдардан бастап Республикамызда бұл курс дербес оқу пәніне айналып, оның білім мазмұны мен оқытуға бөлінген сағат саны 5-6 есе артқандықтан және де дүниежүзінде, соның ішінде елімізде болып жатқан маңызды өзгерістерге байланысты пәнді мектепте оқыту әдістемесінің өзекті мәселелерін анықтап, шешудің, оның қалыптасуы мен даму тарихын зерттеудің қажеттілігі арта түсті.

Осы орайда белгілі әдіскер Тотай Тұрлығұл Қазақстан тарихын оқыту әдістемесінің даму, қалыптасу тарихын шартты түрде 4 кезеңге бөліп қарастыруды ұсынады. Атап айтсақ, бірінші кезең - Ыбырай Алтынсарин заманынан 1917 жылға дейін. Мұнда кейінгі кезеңдерде осы курстың, пәннің оқыту әдістемесінің біртіндеп қалыптасуына осы алғашқы дәуірде қандай теориялық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік негіздер жасалды деген сауалға жауап беріледі; екінші кезең - 1917-1959 жылдар. Қазақстан мектептерінде тарихты оқыту әдістемесі, соның құрамында Қазақстан тарихы материалдарын оқыту әдістемесінің іргесі қалана бастады; үшінші кезең - 1960-1990 жылдардың бас кезі. Қазақстан тарихы мектептің оқу жоспарына ендірілді, білім мазмұны анықталып, бағдарламалары мен оқулықтары, әдістемелік құралдары жасалды, арнайы курсқа айналды, әдістемесінің негізі қаланды; төртінші кезең - 1990 жылдан басталады. Қазақстан тарихының мектептің оқу жоспарына дербес пән болып енгізілуіне байланысты, оны оқыту әдістемесінің бұрынғыдан да жетіле түсіп, дербес пән әдістемесі ретінде қалыптаса бастауы.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы «Декларация» қабылданып, онда Тәуелсіз Қазақстанның жаңа даму жолына түсетіні, ізгілікті, демократиялық, құқықтық мемлекетті құруға бел байлауды негізге алатыны айтыла келе: Қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту Қазақ ССР-і Мемлекеттігінің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады», - деп атап көрсетілді [5, 434 б.].

Осындай Қазақстан үшін тарихи маңызы зор, демократиялық даму жолына түсудің бастамасы болған өтпелі кезеңде барлық әлеуметтік-экономикалық өмірдің түбірімен өзгеруі білім саласында да қайта құруларды жүзеге асыруға алып келді. Бұл бағытта жүргізіле бастаған реформалар, бұрынғы қол жеткізген жетістіктерді сақтай отырып, білім беру жүйесін әрі қарай дамыту жолдарын белгілеу міндеттерін алға қойды. Алайда, егемендіктің алғашқы жылдарында бұрынғы жүйенің зор жетістігі болып саналатын міндетті орта білім беру ісі өзгерістерге ұшырап, батыстық үлгіге көшуге талпыныс жасалды. Ендігі жерде білім беру саласындағы әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің тәжірибесіне сүйеніп, жаңа мемлекеттің даму барысын ескере отырып, жинақталған тәжірибеге арнайы талдау жасау қажеттігі пайда болды.

Осы орайда білім беру ісінің заңдық базасын жасау ісі қолға алынды. Атап айтсақ, «Білім туралы Заң», «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» (1994), «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы» (1995), «Қазақстан Республикасында этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы» (1996) сияқты маңызды құжаттар қабылданып, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары белгіленіп, орта білімнің даму концепциясы мен білім берудің мемлекеттік стандарттары бекітілді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары қабылданды.

Бұл жағдайлар қазіргі мектепте Қазақстан тарихын оқытуды жаңа деңгейге көтеруге, яғни пәннің оқыту мақсатын, білім мазмұнын өзгертуден бастап, бүкіл оқу-әдістемелік жүйесін жаңартуға жол ашты. Ең алдымен Қазақстан тарихын оқыту әдістемесін, оның курс ретінде даму тенденцияларын анықтау, тарихи білім берудің ұлттық негізі, олардың оқу жоспарларында, бағдарламаларда, оқулықтарда көрініс табуы сияқты мәселелерді шешу күн тәртібіне қойылды. Сонымен қатар, қазақстандық білім беру реформасының стратегиялық міндеттерін ойдағыдай шешуге мүмкіндік беретін 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу, Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін қолдана отырып, жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы негізінде пәнді оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін қолдану, оқушылардың бойында негізгі құзыреттерді қалыптастыратын оқыту жұмысының ең тиімді нысандарын анықтау, медиа білім беру міндеттерін іске асыру, сондай-ақ ақпараттық-түсіндірме оқытудан практикаға бағытталған, интерактивті оқытуға көшу, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып оқыту арқылы жүзеге асыруға болады.

Қазіргі кезеңдегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпыға арналған білім» үлгісінен «таңдауы бойынша білім алу» үлгісіне сапалы көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел кірігуді қамтамасыз етуді мақсат етеді. Ал, өз кезегінде 12 жылдық оқытудағы басты мақсат – қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті; өзін-өзі дамытуға; өз ойын еркін айта білуге; өз қалауымен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім; белгілі бір арнайы біліммен қаруланған, жан-жақты, шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бұл мақсатқа жетудің бірден-бір жолы – жаңартылған мазмұнда білім беруді жүзеге асыру. Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылса, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

Қорыта келе, бүгінгі таңда жалпы орта білім беру жүйесінің, соның ішінде тарихи білім беру мен оны оқыту әдістемесінің дамуына қоғам өмірінің саяси және әлеуметтік-экономикалық аспектілерінің жаһандану процестері, ХХІ ғасырдағы білім берудің жаңа рөлі мен маңыздылығын түсіну, сондай-ақ білім беру сапасының жаңа тұжырымдамалары әсер ететіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: VI ғасырдан XX ғасырдың аяғына дейін. Құрастырушылар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы, «Рауан», 1994. – 319 б.
2. Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.
3. Сембаев А.И., Храпченков Г.М. Очерки по истории школ Казахстана (1901-1917). – Алма-Ата, 1972.
4. Козыбаев И.М. Историческая наука Казахстана (40-80-годы XX в.). – Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1992.
5. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. Қазақстан тарихы көне заманнан бгінге дейін (Очерк). – Алматы, «Дәуір» баспасы, 1994. – 455 б.

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

Тулеуова Б.Т., к.и.н., ассоциированный профессор
 Смагулова Г.М., к.и.н., ассоциированный профессор
 Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
 г. Караганда, Казахстан

Впервые термин «цифровизация» был впервые употреблен американским ученым-информатиком Николасом Негропonte (Массачусетский университет) в 1995 году [1] применительно к сфере экономики. Понятие «цифровая экономика» он связывал с интенсивным развитием информационно-коммуникационных технологий, началом процесса информатизации второго поколения, что является основой формирующегося четвертого технологического уклада. Российские же ученые Центрального экономико-математического института утверждают, что этот термин применялся и до этого в экономической сфере [2].

Коммуникационные технологии распространяются по всему свету с невероятной скоростью. В первом десятилетии ХХІ число людей, имеющих доступ к Интернету, во всем мире значительно выросло с первоначальных 350 миллионов, превысив два миллиарда. К 2025 году большинство обитателей Земли за время жизни всего лишь одного поколения преодолеть путь от практически полного отсутствия доступа к «нефильтрованной» информации до обладания всей информацией мира с помощью устройства, которое может поместиться на ладони. Если сохранится нынешний темп развития технологических инноваций, большинство из восьми миллиардов землян к тому моменту станут выходить в сеть [3, с. 15].

Однако уже сегодня мы можем с уверенностью говорить о том, что цифровизация стала трендом ХХІ века, она стала реальностью. Во многих уголках мира цифровизация составляет важнейшую часть стратегической программы развития на перспективу. В таких странах, как Дания, Норвегия, Великобритания, Канада, Германия, Саудовская Аравия, Индия, Россия, Китай, Южная Корея, Малайзия, Сингапур, Австралия, Новая Зеландия и Казахстан, реализуются национальные программы цифровизации.

Например, в Китае благодаря программе «Интернет плюс» происходит интеграция цифровой индустрии с традиционной; в Сингапуре – драйвером «Умной экономики» является ИКТ, в Канаде создается ИКТ-хаб в Торонто, в Южной Корее – программа «Креативная экономика» ориентирована на человеческий капитал, в Дании – проводится цифровизация государственного сектора. Это лишь